

"Астана қонақ үйі" акционерлік қоғамы акцияларының мемлекеттік пакетін сату бойынша екі кезеңдік рәсімдер арқылы конкурс өткізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 16 мамырдағы № 267 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 24 желтоқсандағы № 859 қаулысымен.

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Үкіметінің 24.12.2018 № 859 қаулысымен.

"Мемлекеттік мүлік туралы" 2011 жылғы 1 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңы 103-бабының 1-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен "Астана қонақ үйі" акционерлік қоғамының жарғылық капиталының 100 % (жүз) пайызы мөлшеріндегі акцияларының мемлекеттік пакетін ең жоғары баға ұсынған қатысушыға сату бойынша екі кезеңдік рәсімдер арқылы конкурс өткізсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі*

Б. Сағынтаев